

УДК 619:618.19-002:636.32/.38

М. Дуимбаева, магистрант

А. К. Кереев, PhD, аға оқытушы

К. Е. Мурзабаев, ветеринария ғылымдарның кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

ҚОЙЛАРДЫҢ ЖЕЛІНСАУ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ЖЕЛІНСАУ КЕЗІНДЕГІ МИКРОФЛОРАЛАРДЫҢ ТҮРЛІК ҚҰРАМЫН АНЫҚТАУ

Аннотация

Мақалада қой шаруашылығында желінсаудың таралу сипаты және түрі жөнінде мәліметтер зерттелген. Зерттеу нәтижелері бойынша шаруашылықта желінсауға ұшырау пайызы 5% дан 13,3% аралығында. Бактериологиялық зерттеу кезінде қойлар желінсауының негізгі қоздырғыштарына стафилококктармен стрептококктар жататыны анықталды және олардың пайыздық айырмашылықтары анықталған.

***Түйін сөздер:** желінсау, саулықтар, стафилакокк, стрептококк, желінсау түрлері.*

Сүт безі ұлпаларының қабынуы барлық жануарлардың аналықтарында кездеседі. Қазіргі уақытта барлық қой шаруашылықтарындағы саулықтарда да кең тараған. Ол шаруашылықтардың экономикасына едәуір зиян келтіреді [1]. Көптеген ғалымдардың мәліметтеріне сүйенсек желінсау ауруымен ауырған саулықтардың ет және жүн сүт өнімділігі 15 пайызға дейін төмендейді. Мұнымен қоса төл еметін сүттің сапасы төмендеп, ауырған мал көп ауруға ұшырайды. Ал енесінің желіні қабынған қозылар аурушаң болып тез шығынға ұшырайды.

Желінсау қоршаған ортаның қолайсыз әсерінен болады. Желінсауды тудыратын нақты және жиі кездесетін себептерді атап айтатын болсақ олар: індет аурулары, организмнің улануы, әртүрлі жарақаттар, сауу ережелерінің бұзылуы және сауу аппараттарының дұрыс пайдаланбауы.

Желінсаудың тікелей себептерінен басқа осы ауруға әкеп соқтыратын жағдайларды да айтуға болады: азықтандыру ережелерінің бұзылуы, сиырлардың қорасының антисанитарлық жағдайы, желіннің суыққа ұрынуы, малдың гиподинамиясы, организмнің төзімділігінің төмендеуінен желін безіне микробтардың еніп дамуы.

Микроорганизмдердің дамуы немесе қабыну процесінің асқынуы желінсауға әкеп соқтырады. Желінсау кезінде желіннен көбінесе стафилакокктарды және стрептококктарды таза күйінде ажыратып алуға болады, ал басқа микроорганизмдер, соның ішінде ішек таяқшалары сирек кездеседі.

Желін безіне микроорганизмдер көбінесе үш жол арқылы түседі: галактогендік - емшек үрпісі арнасы арқылы, лимфагендік – желін безінің терісінің жарақаты арқылы, гемогендік жол – қан тамырлары арқылы, басқа органдар, жыныс мүшелерінен қабыну эксудаты желінге түсуі мүмкін, мысалы (эндо метриттер, гастроэнтериттер). Желінсауға әкеп соқтыратын себептердің ішінде мал организмнің жеке ерекшеліктерінде атап өтуге болады: емшектерінің және желіннің пішіні мен көлемі, малдың тұқымы, генетикалық статусы, желінсауға әкеп соқтыратын факторлардың бірі ата - анасы арқылы берілуі мүмкін.

Желінсау лактация кезінде де, сиырлард сауылған кезде де және тұғаннан кейінгі кезеңде де жиі кездеседі. Қозыларды енесінен бөлу, төлдер алдындағы және суалу кезіндегі сүт

безінін ұлпаларының өзгеруі организмнің төзімділігін төмендетіп, соның салдарынан бұрынғы жасырын өтіп жатқан қабыну процестері асқынып індетке шалдығып жіті желінсаумен ауруы әбден мүмкін. Мал төлдегеннен кейін организмнің улануынан желіннің ісінуінен және көптеген туғаннан кейінгі аурулардың салдарынан желінсаудың дамуы мүмкін [2].

Желінсау жиі микробтардың әсерінен пайда болады. Желінсаумен күресте дүние жүзі ғалымдары осындай бір тұжырымға келді. Олардың шешімі бойынша желін желінсауы инфекция арқылы беріледі.

Жоғарыда аталған мәліметтерге негізделе отырып, Батыс Қазақстан облысы Таскала ауданы Атамекен елді мекенінде орналасқан асыл тұқымды ақжайық етті-жүнді қой шаруашылығында қойлардың желінсау түрлерін және желінсау кезіндегі микрофлоралардың түрлік құрамын анықтауды жөн көрдік.

Зерттеу жұмыстарының мақсаты. Қойлардың желінсау түрлерін және желінсау кезіндегі микрофлоралардың түрлік құрамын анықтау.

Зерттеу материалы және әдістері. Жұмыс Батыс Қазақстан облысы Таскала ауданы Атамекен елді мекенінде орналасқан асыл тұқымды ақжайық етті-жүнді қой шаруашылығында жүргізілді. Зерттеу материалы ретінде аталмыш шаруашылықтың қойлары алынды.

Желінсаумен нәтижелі күресу үшін оны дер кезінде және дұрыс балау қажет. Ол үшін балауды кешенді түрде жүргіздік, сондықтан анамнез мәліметтерін, клиникалық және лабораториялық зерттеу нәтижелерінің қортындысын біріктіріп пайдаландық.

Анамнез жинау кезінде шаруашылықтың індетті және жұқпалы емес аурулардан аман екенінін ескеріп, сонымен қатар акушерлік-гинекологиялық ауруларды ескердік, малды суалту кезіндегі азығының сапасын, бағып-күтілуі ескерілді. Туу және туғанға дейінгі кезіндегі малдың организмнің жалпы жағдайын, аурудың алғашқы клиникалық көрінуі анықталды. Желінді көріп зерттеу арқылы терісінің түрін және тығыздығын, (түк-жүн) өсуін кейбір бөлімшелерінің емшектерінің түрін, біркелкілігін зерттейді, сонымен қатар тері асты қан тамырларының жағдайын білдік. Сүт безін ұстап көру арқылы оның ауыршандығын, тітіркенуін тексердік, тығыздығын, ісінген жерлерін оның сипатын анықтадық, сонымен қатар желін ұлпасының, цистернасының емшек каналындағы морфологиялық жағдайын анықтадық. Желін терісінің температурасын алақан сыртын жанастырып, басқа жағының температурасымен салыстырдық.

Ауру қойлардың желіндерін клиникалық қараудан кейін сүтті және секретті зертханалық жағдайда зерттеу арқылы балаудан өткіздік. Ол үшін сүт бақылау пластинкасын және 2% масттест ерітіндісін пайдаландық. Масттестке оң нәтиже берген қойлардың диагнозын дәлелдеу мақсатында В.И. Мутовин бойынша тұндыру сынамаларына қойдық [3]. Желін секретін бактериологиялық зерттеу Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Ветеринарлық клиникасында жүргіздік. Ол үшін 5% қанды агарға 0,1мл секретті септік. Кейін 24 сағат бойы 37°C температурада инкубациядан соң микроорганизмдердің өсу сипатын есепке алдық. Стафилококктар мен стрептококктарды ажырату үшін В.А. Париков ұсынған әдістемені қолдандық [4].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Маститтің таралуын зерттеу нәтижелері Батыс Қазақстан облысы Таскала ауданы Атамекен елді мекенінде орналасқан асыл тұқымды ақжайық етті-жүнді қой шаруашылығында жүргізілді. Алынған мәліметтер 1-ші кестеде берілген.

1 кесте – Шаруашылықтағы желінсаудың таралу сипаты және формалары

Қой саны	Табылған ауру малдар				Клиникалық форма						Барлығы	
	Субклиникалық форма		Клиникалық форма		Серозды		Катаралды		Іріңді			
	Бас	%	Бас	%	Бас	%	Бас	%	Бас	%	Бас	%
120	16	13,3	6	5	3	2,5	2	1,67	1	0,83	22	18,3

Зерттеу нәтижелері бойынша шаруашылықта желінсауға ұшырау пайызы 5% дан 13,3% аралығы, орташа есебі 18,3% құрады.

Желінсаудың жіктелуін А.П. Студенцов бойынша өткіздік [5]. Алынған мәліметтер 1-ші кестеде берілген.

1-ші кестеде көрсетілгендей субклиникалық желінсау клиникалық желінсауға қарағанда жиі кездеседі. Клиникалық желінсаудың ішінде серозды және катаральды жиі кездеседі, кейін ол ем көрсетпеу әсерінен іріңді желінсауға айналады.

Көптеген авторлардың айтуы бойынша желінсаудың негізгі қоздырғышына стафилококктармен стрептококктар жатады [6, 7]. Клиникалық сау және желінсау кезіндегі микробтық факторды ескере отырып, барлығы 20 жануардан сүт безінің алынған секрет сынамаларын бактериологиялық зерттеуден өткіздік. Клиникалық сау 8 жануардан 2 жануардан микроб анықталды. Клиникалық сау жануарлар арасынан бір жануарда Staph. Aureus, екінші жануарда Str. agal. табылды. Залалдану деңгейі 25% құрады. Субклиникалық формалы желінсаумен ауыратын 16 жануардан 13 жануардан микроб табылды. Субклиникалық формалы жануарлардың 5 - Staph. Aureus, 3 - Staph. epid., 2 - Str. agal., 2 - Staph. aureus+ Str. agal., 1 - E. Coli табылды. Залалдану деңгейі 81,25% құрады. Клиникалық желінсауға ұшыраған жануарлардың барлығында микроб факторы болды. Клиникалық формалы жануарларда 2 - Staph. Aureus, 1 - Staph. epid., 1 - Str. agal., 1 - Staph. aureus+ Str. agal., 1 - E. Coli табылды. Залалдану деңгейі 100% құрады. Алынған мәліметтер 2-ші кестеде берілген.

2 кесте – Клиникалық сау және желінсаумен ауырған қойлардың сүт бездерінің секреттерінің бактериологиялық көрсеткіштері, %.

Қойлар күйі	Жануар саны	Микроб бар	Staph. aureus	Staph. epid.	Str. agal.	Staph. aureus+ Str. agal.	E. Coli	Барлығы
Клиникалық сау	8	2	12,5	-	12,5	-	-	25
Субклиникалық форма	16	13	31,25	18,75	12,5	12,5	6,25	81,25
Клиникалық форма	6	6	33,36	16,66	16,66	16,66	16,66	100

2-ші кесте мәліметтері бойынша қойлар желінсауының негізгі қоздырғыштарына стафилококктармен стрептококктар жатады.

Қорытынды. Желінсау қойлар арасында кең таралған, әсіресе субклиникалық желінсау. Біздің мәліметтер бойынша ол клиникалық желінсауға қарағанда жиі кездеседі. Клиникалық желінсаудың ішінде серозды және катаральды кездеседі, кейін ол ем көрсетпеу әсерінен іріңді желінсауға айналады.

Бактериологиялық зерттеу кезінде қойлар желінсауының негізгі қоздырғыштарына стафилококктармен стрептококктар жататыны анықталды. Клиникалық сау жануарлардың микробтық фактормен залалдану деңгейі 25%, субклиникалық формалы желінсаумен ауыратын жануарларда 81,25%, ал клиникалық формалы жануарларда залалдану деңгейі 100% құрады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Храмцов В.В. Акушерство и гинекология сельскохозяйственных животных / В.В. Храмцов, Т.Е. Григорьева, В.Я. Никитин. – М.: КолосС, 2008. – С.163-166.
- 2 Никитин В.Я. Практикум по акушерству, гинекологии и биотехнике размножения животных / В.Я. Никитин, М.Г. Миролюбов, В.П. Гончаров. – М.: КолосС, 2004. – С. 180-182.
- 3 Мутовин В.И. Борьба с маститами коров / В.И. Мутовин. – 2-е из., перераб. и доп. – М. «Колос», 1974. – С.254.
- 4 Париков В.А. Дифференциация кокковой микрофлоры молока / В.А. Париков, В.И. Слободяник, Г.Н. Кузьмин и др. // Ветеринария. 1981. – №11. – С.64-65.
- 5 Студенцов А.П. Болезни вымени коров / А.П. Студенцов. – М. «Сельхозгиз», 1952. – С. 150.
- 6 Коган Г.Ф. Маститы и санитарное качество молока / Г.Ф. Коган, Л.П. Горинова. – Минск: Ураждай. 1990. – С.134.
- 7 Gasper D.E. Mastitis control / D.E. Gasper // Current Vet Therapy: Food Animal Practitioner, 1981. – P.949-953.

РЕЗЮМЕ

В статье даны результаты исследования форм проявления и степени распространения мастита у овец в хозяйстве. Результаты исследования показывают, что распространенность мастита овец составляет 5% - 13,3%. При бактериологическом исследовании возбудителей мастита выявлено, что основными возбудителями являются стафилококки и стрептококки. Показано их процентное соотношение.

RESUME

The article presents results of a study of forms of manifestation and extent of the spread of mastitis in sheep of the farm. Results of the study show that the incidence of mastitis of sheep is 5-13.3%. Bacteriological research of mastitis pathogens revealed that the main pathogens are staphylococcus and streptococcus, shows their percentage.

УДК 619:618:636.22/28.033

Р. Г. Идрисов, магистрант,

И. Н. Жубантаев, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент,

А. К. Диекешев, кандидат ветеринарных наук, доцент,

Г. Г. Габиденова, студент

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, Уральск, РК

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЕ НИТОКСА-200 В СОЧЕТАНИИ С НОВОКАИНОВОЙ БЛОКАДОЙ ПРИ ГНОЙНЫХ ЭНДОМЕТРИТАХ У КОРОВ

Аннотация

В стратегии лечения эндометритов, наряду со стимуляцией защитных сил организма и активизацией регенеративных процессов, главными задачами являются как эффективное подавление патогенной микрофлоры, так и удаление из матки скопившейся разного характера экссудата. В данной статье для эффективного лечения разного характера эндометрита у коров мы рекомендуем ветеринарным специалистам использовать отечественный препарат НИТОКСа-200 в сочетании с новокаиновой блокадой по Г.С. Фатееву, а для удаления экссудата из матки использовать Йодопен как эффективную схему патогенетической терапии.

Ключевые слова: *гнойный эндометрит, применение НИТОКСа-200 при эндометритах, применение Йодопена при эндометритах, схемы лечения гнойных эндометритов, гинекологические заболевания коров.*

Введение

Яловость коров наносит большой экономический ущерб хозяйству, так как он складывается не только из недополучения молодняка, но и издержек на содержание бесплодных коров. Бесплодию и низкому выходу телят способствуют многие причины, такие как неправильно составленный рацион, плохое и неправильное содержание животных и т.д. Бесплодие в молочном скотоводстве часто возникает вследствие различных болезней половых органов, к которым относят и эндометриты.

Воспаление слизистой оболочки матки у крупного рогатого скота в послеродовой период – одна из самых распространенных патологий в большинстве животноводческих хозяйств. Клинической гнойной формой заболевания болеет каждая третья корова, в высокопродуктивных стадах диагностируют заболевание у 70-80% животных [1, 2]. Выбраковка и убой бесплодных животных вследствие эндометрита достигают 50% заболевших животных. Данная патология наносит ощутимый урон скотоводству, который складывается из снижения репродуктивной способности животного, молочной продуктивности и качества молока, и повышения затрат на лечение.

В стратегии лечения, наряду со стимуляцией защитных сил организма и активизацией